

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

докторант Төлеу Есбол Тынысбекұлының 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мегаполис жағдайындағы кардиология орталығының жұмысын оңтайландыру» атты диссертациялық жұмысына

Төлеу Е.Т. ұсынған «Мегаполис жағдайындағы кардиологиялық орталықтың жұмысын оңтайландыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс өзектілігі жоғары, ғылыми тұрғыдан негізделген және тәжірибелік маңызы зор зерттеу болып табылады және докторлық диссертацияға қойылатын заманауи талаптарға толық сәйкес келеді.

Жұмыс денсаулық сақтау саласының басым бағыттарының бірі – мегаполис жағдайында қан айналым жүйесі ауруларымен ауыратын науқастарға көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру мәселесін шешуге арналған.

Зерттеу кешенді, пәнаралық тәсілге негізделген. Автор заманауи талдау, басқарушылық модельдеу, статистикалық өңдеу және социологиялық зерттеу әдістерін сауатты қолданған. Қазақстан Республикасындағы стандарттау жүйесінің қазіргі жай-күйін терең зерделеу мен отандық және халықаралық тәжірибелерді талдау негізінде Төлеу Е.Т. медициналық көмектің сапасын бағалау және басқарудың түпнұсқалық тәсілдерін әзірлеп, енгізген.

Жұмыстың тәжірибелік бағыты ерекше назар аударуға тұрарлық: автор алғаш рет «Медициналық қателер банкі», медициналық ақпараттық жүйедегі стандарттарды бағалау функционалы, стандартты операциялық процедураны (СОП) кардиологиялық бейінге бейімдеу, сондай-ақ пациенттердің қауіпсіздігі бойынша алты халықаралық мақсаттың сақталуын бағалау сияқты құралдарды ұсынған және сынақтан өткізген. Ұсынылған алгоритмдер мен әдістемелік тәсілдер тиімділігін дәлелдеді және оларды басқа кардиологиялық бейіндегі медициналық ұйымдарға бейімдеп енгізуге болады.

Диссертация жоғары академиялық деңгейде орындалған, логикалық жағынан тұтас, құрылымдық тұрғыдан аяқталған, мазмұны мен баяндау тілі ғылыми талаптарға сай, әдіснамалық бірізділігімен ерекшеленеді. Зерттеудің барлық бөлімдері қойылған мақсаттар мен міндеттердің бірізді ашылуын қамтамасыз етеді. Нәтижелер сенімді дереккөздерге, эмпирикалық зерттеу мәліметтеріне және статистикалық тұрғыдан дәлелденген тұжырымдарға негізделген.

Автор ғылыми мәселені тұжырымдаудан бастап, зерттеу дизайнын әзірлеу, деректер жинау құралдарын жасау, алынған нәтижелерді талдау мен интерпретациялау және практикалық ұсынымдар әзірлеу кезеңдерінің барлығында жоғары деңгейдегі дербестігін көрсетті. Бұл оның зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған еңбектерінің саны мен халықаралық конференцияларда нәтижелерін апробациялауымен дәлелденеді.

Зерттеу тақырыбы бойынша 19 ғылыми еңбек жарияланған, соның ішінде 3 мақала халықаралық Scopus базасында индекстелетін журналдарда, 3 мақала ҚР ҒЖБМ ұсынған басылымдарда және 10 халықаралық конференция тезистері, 1 әдістемелік ұсыным «Мегаполисте кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін тәуекелдерді басқару» тақырыбында, 2 авторлық куәлік алынған.

**Ғылыми кеңесші,
м.ғ.д. профессор**



Каусова Г.К.